



# САРЬТАРҚА

1 сәуір, бейсенбі  
2010 жыл

С. Бейсембаев атындағы ПМУ-дің  
академик С. Бейсембаев атындағы ғылыми  
кітапханасы

# САМАЛЫ



№ 34  
(14522)

ГАЗЕТ 1929 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАННАН ШЫҒАДЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

# УНИВЕРСИТЕТ МАҚТАНЫШЫ

**Былп С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне 50 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында аталмыш жоғары оқу орны талай белестерді бағындырып, Білік туғырдан көріне білді. Университеттің осындай дәрежеге жетуі үшін көптеген азаматтар тер тоқтты. Оқу ордасының негізін қаласқан сол тулғалардың бірі - Қаратай Жүсіпұлы Құрманов.**

Ол 1955 жылы Мәскеудегі көлік инженерлері институтының құрылыс факультетін бітірісімен бірден қала құрылысына білек сыбана кірісіп, қаладағы қазіргі С.Торайғыров көшесіндегі алғашқы салына бастаған 5 қабатты үйлер мен «Ақмола - Павлодар» теміржол құрылыс басқармасы салған алғашқы теміржол вокзалының құрылыс жұмыстарына атсалысады.

Құрылыс алаңында шындалып, аға инженер қызметтерін атқарады. Сол кезде қалада көптеген өндіріс ошақтары бой көтере бастаған. Оған құрылысшы мамандар көп керек болды. Осыған байланысты Павлодар құрылыс техникумы ашылды. 1958 жылы Қаратай Жүсіпұлы Павлодар құрылыс техникумына қызметке ауысады. Онда техникум директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, кейін техникум директоры болып, өңірімізге қажетті құрылысшы мамандар даярлауға үлес қосады.

Өз білімін одан әрі жетілдіру мақсатында 1961 жылы В.Куйбышев атындағы Москва инженерлік-құрылыс институтының аспиранты болып, оны бітірген соң сол кездегі Қазақ ССР Жоғары, орта және арнайы білім беру министрі Х.Біләловтің бұйрығымен 1965 жылғы сәуір айынан бастап Павлодар индустриалды институтының оқу жұмысы жөніндегі проректоры қызметін атқарады. Оның айтуынша, сол жылдары институт ғалымдарының қорсеткіші 10 пайызды ғана құраған. Оқу корпустарының жағдайы мәз болмапты. Осы мәселені шешу үшін институт ұжымы Одақ көлемінде шығатын Мәскеу, Ленинград секілді қалалардың баспа газеттеріне мамандар керек деп үнемі жариялап тұрыпты. Бірақ мамандар тым аз келіпті. «Институт түлектерін кәсіпорындарға жіберіп, үздік оқығандарын қабылдап алған мекемелердің басшылығымен келісіп, институт қабырғасына қайта алып келіп жаттық. Бір жағынан өңірдегі кәсіпорындар басшыларымен жақын араласқандығым оң ықпал жасап, келіссөздер жүргізуге мүмкіндіктер болды. Құрылыс мекемелері

болсын, трактор зауыты мен ТЭС және т.б. өндіріс орындарының басшыларымен қорықпай келісіп жаттық. Енді жас мамандармен толыға бастаған институтта кадр мәселесі шешімін таба бастағанмен, ғалымдар саны аз болды. Дегенмен де әлгі жас мамандар тек ассистент ретінде ғана

жұмысқа орналаса алатын еді. Ғалымдарды көбейту мақсатында ғылыми институттармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап, қабылданған жас мамандардың ғылыми диссертацияларын қорғауға барынша мүмкіндіктер жасадық. Мәселен, Мәскеу энергетика институты, Мәскеу инженер - құрылыс институты, Мәскеу автомашина жасау институты және т.б. орталық жоғары оқу орындарында түлектеріміз аспирантураларда оқып, диссертациялар қорғай бастады» дейді сол бір қиын сәттерді есіне алған ғалым.

Осылайша, оқу орнының дамуына сүбелі үлес қосқан ғалым ерен еңбегі үшін ҚазССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгісімен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталып, 2006 жылы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің академиялық профессор атағы беріліп, 2008 жылы университеттің «Құрметті деканы» атанды.

Жарты ғасырлық тарихы бар университеттің аяғынан тік тұрып, бүгінгідей мәртебеге ие болуына сүбелі үлес қосқан Қаратай Жүсіпұлы университет ұжымы мақтан етіп, құрметтейді.

Өткен дүйсенбіде Қ.Құрмановтың 80 жасқа толуына арналған шара өткізілді. С.Торайғыров атындағы ПМУ-дің ректоры Е.Арын мерейтой иесіне ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру саласына еңбек сіңірген қызметкер» белгісін табыс етті. Сондай-ақ ұстаза облыстық мәслихаттың, Павлодар қаласы әкімінің марапаттары тапсырылды.

**Нұрпат БАЙГЕНЖЕ,**

С.Торайғыров атындағы ПМУ-дің «Білік» газетінің редакторы.

